

SMART.DARYN.KZ платформасында
іс-шараның тестілеуіне қатысу бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ

Маңызды! Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін **Google Chrome** браузерін пайдаланыңыз.

Ескерту! Іс-шараның өту күні мен уақытын аккаунттағы мәзірдің «**Менің іс-шараларым**» бөлімінен көруге болады. **Іс-шараның күні мен уақыты тіркеу аяқталғаннан кейінгі 1 апта ішінде өзгеруі мүмкін.** Сондықтан тіркеу уақыты аяқталғаннан кейін «Менің іс-шараларым» бөліміндегі ақпаратты жиі тексеріп тұрыңыз.

Іс-шара басталар алдында міндетті түрде тексеріңіз:

- ноутбук немесе компьютеріңіздің **камерасы мен микрофонының дұрыс жұмыс істеуін;**
- **интернеттің тұрақтылығын;**
- **құрылғының зарядын** (іс-шара кезінде өшіп қалмауын қадағалаңыз).


Егер Іс-шара барысында құрылғы немесе интернет сөнсе:

- қайта кіргенде «Менің іс-шараларым → Барлығы» бөлімінде іс-шара көрінбеуі мүмкін;
- мұндай жағдайда «**Менің іс-шараларым → Мұрағат**» бөлімін тексеріңіз.


Маңызды! құрылғы немесе интернет ажыратылып, іс-шара беті жабылған жағдайда таймер жұмысын жалғастыра береді. Қосымша уақыт берілмейді.

Іс-шара басталғанға дейін жұмыс істейтін камерасы мен микрофоны бар ноутбук немесе компьютерді дайындап қою қажет. Егер құрылғыдағы камера немесе микрофон жұмыс істемесе, сыртқы құрылғыларды қосыңыз.


Іс-шараның жоспарланған уақытында «Менің іс-шараларым» бөліміне кіріп, «Көру» батырмасын басу қажет.



Келесі кезекте экрандағы «Тестілеуді бастау» батырмасын басу керек.




Беттің жоғарғы сол жақ бұрышында шыққан хабарламада «Разрешить/Рұқсат беру» батырмасын басу керек.




Төмендегі суретте көрсетілген ретпен батырмаларды басыңыз:


1. Экранның жоғарғы бөлігінде ашылған терезеден «Весь экран / Толық экран» дегенін таңдаңыз.
2. 2-жебеде көрсетілгендей, өз экраныңыздың шағын бейнесін басып, сайтқа толық қолжетімділік беріңіз.
3. «Поделиться / Тарату» батырмасын басыңыз.




«Толық экран режиміне өту» батырмасын басыңыз.



Барлық тексерулер жасыл түспен белгіленген кезде (суреттегідей), жоғарғы оң жақтағы «Жалғастыру» батырмасын басыңыз. Осыдан кейін іс-шара басталады.





Іс-шара тапсыру интерфейсімен танысыңыз.

1. **СҰРАҚ ТІЛІН ӨЗГЕРТУ** – тест барысында осы батырма арқылы сұрақтың және жауап нұсқаларының тілін ауыстыруға болады.
2. **ТАЙМЕР** – іс-шараның аяқталуына қалған уақытты көрсетеді. Уақыт біткен кезде тест автоматты түрде жабылады..
3. **СҰРАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ НАВИГАЦИЯ** – сұрақ нөмірін басу арқылы кез келген сұраққа бірден өтуге болады. Жауап берілген сұрақтар көк түспен белгіленеді.
4. **ТЕСТТІ АЯҚТАУ БАТЫРМАСЫ** – сұрақтарға жауап беріп болғаннан кейін осы батырманы басу арқылы іс-шараны аяқтауға болады. Батырманы басқан кезде барлық жауаптар жүйеге жіберіледі. Бұл батырма тек соңғы сұрақта ғана қолжетімді болады, ең соңғы сұрақтан басқа сұрақтарда бұл батырма жұмыс жасамайды.
5. **ТАПСЫРМАНЫ КӨРУ ТЕРЕЗЕСІ** – сұрақтың мазмұны мен жауап нұсқалары көрсетіледі. Мұнда тапсырмамен танысып, төменнен дұрыс жауапты таңдауға болады.
6. **СҰРАҚТАҒЫ БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАУАПТЫ ӨШІРУ** – таңдалған жауапты өшіруге арналған батырма. Егер қате жауапты белгілеп қойсаңыз және оны алып тастағыңыз келсе, осы батырманы басыңыз.
7. **СҰРАҚТЫҢ МӘРТЕБЕСІ** - егер кейін қайта оралғыңыз келсе, осы батырманы басыңыз. Белгіленген сұрақ сұрақтар тізімінде нүктемен көрсетіледі.
8. **ЖАУАПТЫ ТАҢДАУ** – дұрыс деп есептеген нұсқаны (A, B, C, D) осы жерден таңдаңыз.
9. **СҰРАҚТАРДЫ АУЫСТЫРУ БАТЫРМАЛАРЫ** – алдыңғы сұраққа қайту немесе келесі сұраққа өту үшін қолданылады.
10. Егер камераның терезешесі (төменгі оң жақта) кедергі болса, камера терезесін кішірейтуге немесе жасыруға болады. Ол үшін камера терезесіндегі кішкентай жебе белгісін басу қажет.

Іс-шараны аяқтау үшін барлық сұрақтарға жауап беру міндетті емес. Дегенмен, «Тесті аяқтау» батырмасы тек соңғы сұрақта ғана қолжетімді болады.

1 балл: 1-15 сұрақ / вопросы

1. 1918 жылы жазда Алаш Орда болшевиктермен ашық күресті бастады. Себебі ... / летом 1918 г. Алаш Орда начала открытую борьбу против большевиков. Потому, что ...:

A) кеңес өкіметі ұлттық автономияны таныған жоқ / советское правительство не признала национальную автономию
 B) Алаш Орда үкіметі ақ гвардияшылардың жағына өтіп кетті / правительство Алаш Орда выступила на стороне белогвардейцев
 C) адмирал Колчак Алаш Орда өкіметі мен Алаш автономиясын таңуға уәде берді / адмирал Колчак пообещал признать как правительство Алаш Орда, так и автономию Алаш
 D) Алаш Орда өкіметі дербестікке ұмтылды / правительство Алаш Орды стремилась к независимости

30 сұрақ (3 ұпай)
 Сұрақ 30
 3 ұпай
 ҚАЗ РҮС

Аяқтау

← Алдығы

«Тесті аяқтау» батырмасын басқан кезде экранның ортасында қатысушының таңдаған барлық жауаптарының тізімі көрсетілген терезе ашылады. Терезенің төменгі жағына тінтуірдің немесе терезенің шетіндегі жүгірткіштің көмегімен түсіңіз (суретте жебемен көрсетілген).


Проверка ответов

Қазақстан тарихы

1. 1 сұрақ 1 ұпай
 - D
 2. 2 сұрақ 2 ұпай
 - C
 3. 3 сұрақ 1 ұпай
 - C
 4. 4 сұрақ 1 ұпай
 - A
 5. 5 сұрақ 1 ұпай
 - A
 6. 6 сұрақ 1 ұпай
 - D
 7. 7 сұрақ 1 ұпай
 - C
 8. 8 сұрақ 1 ұпай
 - D
 9. 9 сұрақ 1 ұпай
 - A
 10. 10 сұрақ 1 ұпай
 - A
 11. 11 сұрақ 1 ұпай
 - B
 12. 12 сұрақ 1 ұпай
 - B
 13. 13 сұрақ 1 ұпай
 - B
 14. 14 сұрақ 1 ұпай
 - A
 15. 15 сұрақ 1 ұпай
 - A
 16. 16 сұрақ 2 ұпай
 - C
 17. 17 сұрақ 2 ұпай
 - A

ЖАЛҒАСТЫРУ үшін тінтуірдің немесе шет жағындағы жүгірткіштің көмегімен терезенің төменгі жағына барыңыз

Жауаптар тізімінің төменгі жағында «Жалғастыру» батырмасы орналасқан. Оны басқаннан кейін қатысушының жауаптары жіберіліп, іс-шараның тестілеуі аяқталады.



Осыдан кейін төмендегі суреттегідей нәтижелер терезесі ашылады. Тестілеуді орындау аяқталды!

** Дұрыс жауаптар мен жинаған ұпайларды қатысушы тек өзінің жеке кабинетінде, барлық пәндер бойынша іс-шара толық аяқталғаннан кейін көре алады.*

